

Сайрам ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 сәуірде № 4-37/V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 21 мамырда N 14-10-189 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 15-96/V шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 31.01.2013 № 15-96/V шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу» мемлекеттік қызмет стандартының 6, 11 тармақтарына сәйкес, Сайрам аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Сайрам ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетілсін:

1) Мерзімді баспасөз басылымдарға жазылу үшін - Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда енбек еткен ардагерлеріне, біржолғы 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде және мұқтаж жауынгер – Аугандықтарға, Чернобыль атом электр стансасы апатын жоюға қатысушыларына біржолғы 0,6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) Үйде арнаулы әлеуметтік күтімге алынған қарттардың ішінен 80 жастан асқан адамдарға, жол жүрумен байланысты шығындарын өтеуге, ай сайын 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) Женіс күніне орай - Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, кәмелет жасына толмаған бұрынғы концлагерьлердің тұтқындарына біржолғы 6,2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, қаза болған жауынгерлердің жесірлеріне біржолғы 1,3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) Қарттар күніне орай - үйде арнаулы әлеуметтік күтімге алынған қарттарға, мүгедектерге және мүгедек балаларға біржолғы 1,3 айлық есептік көрсеткіш

м е л ш е р і н д е ;

5) Жеке оңалту бағдарламасы бойынша мұқтаж мүгедектерге қоларбамен
қамтамасыз етуге ;

Серуендеуге арналған қоларбаға 50,0 айлық есептік көрсеткіш мәлшерінде; бөлмеге арналған қоларбаға 20,0 айлық есептік көрсеткіш мәлшерінде;

6) Зейнеткерлер мен мүгедектерге шипажай немесе оңалту орталықтарына жолдама үшін, біржолғы 34,0 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) Мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулездің жүқпалы түрімен ауыратын тұлғаларға, адамның иммун тапшылығы вирусын жүқтყерған балалары бар отбасыларына табыстарын есепке алмай және өмірлік қызын жағдайларға ұшыраған аз қамтамасыз етілген отбасыларға, біржолғы 6,2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

8) Адамның иммун тапшылығы вирусын жүқтөрған балалары бар отбасыларына, табыстарын есепке алмай, өтемақы алу үшін, ай сайын 22 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

9) әлеуметтік такси қызметін ұсынуға - жүріп тұруы қын бірінші, екінші топтағы мүгедектерге, мүгедек балаларға емдеу мекемелеріне және қоғамдық орындарға тасымалдау үшін, ай сайын 6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Ескеरту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2012.09.25 № 9-62/V Шешімімен.

2. «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу» мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес анықталсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы Р. Хайтенов

Аудандық мәслихаттың хатшысы *К.Орашов*

Сайрам аудандық мәслихатының
2012 жылғы 12 сәуірдең

№ 4-37/V шешіміне қосымша

"Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі

1. Әлеуметтік көмектің барлық түрлері үшін:

- 1) әлеуметтік көмекке өтініш жасаған тұлғаның өтініші;
 - 2) алушының жеке басын қуәландыратын құжат, ал кәмелетке толмаған

алушылар үшін – түу туралы күәлік;

3) алушының салық төлеуші күәлігі;

4) алушының тұратын жері бойынша тіркеуді растайтын құжат;

5) алушының банктік шоты бар болуын растайтын құжат;

6) алушының занды өкілі өтініш жасаған кезде, жеке басын күәландыратын құжат және занды өкілдің өкілеттілігін растайтын құжат қоса беріледі.

2. Әлеуметтік көмектің басқа түрлерін тағайындау үшін мына құжаттар қоса беріледі :

1) жекелеген санаттағы азаматтарға табыстарын есепке алмай, сауықтыру орындарына жолдама үшін :

алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат; участекелік дәрігердің медициналық картасынан үзінді;

2) Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған тұлғаларға, мерзімді баспасөз басылымдарға жазылу үшін :

егер аталған азамат уәкілетті органда есепте тұрмаған жағдайда, алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;

3) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын тұлғаларға, онкологиялық аурулармен ауыратын тұлғаларға, адамның иммун тапшылығы вирусын жүқтყерған балалары бар отбасыларына, табыстарын есепке алмай және өмірлік қызын жағдайларға ұшыраған аз қамтамасыз етілген отбасыларға: емделуде болғанын растайтын, тиісті медициналық ұйымнан анықтама; ауыл округі әкімі жанындағы участекелік комиссияның актісі.

3. Құжаттарды салыстырып тексеру үшін тұпнұсқа мен көшірмелерде ұсынылады, содан соң құжаттардың тұпнұсқалары өтініш берушіге өтініш берген күні қайтарылады.